

Айыртау ауданы ардагерлер ұйымының жұмыс қорытындылары шығарылды



5 ақпанда Солтүстік Қазақстан облысы ардагерлер кеңесінің жұмыс жоспарына сәйкес, Саумалкөл ауылындағы аудандық Мәдениет үйінде Айыртау ауданы ардагерлер ұйымының есепті-сайлау жиналысы өтті. Іс-шара барысында 2023-2025 жылдар аралығындағы аудандық ардагерлер кеңесінің жұмысының қорытындылары шығарылды.

Жиналысқа 17 бастапқы ардагерлер ұйымдарынан делегациялар, Айыртау аудандық ардагерлер кеңесінің президиумы және оның төрағасы С.Ш.Тұралинов бастаған басшылар қатысты. Іс-шараға Солтүстік Қазақстан облысы ардагерлер кеңесінің өкілдері Б.А.Әбішев пен К.К.Омаров, Айыртау ауданының әкімі М.Ж.Мендібаев, Айыртау аудандық мәслихатының төрайымы Г.А.Әбілқайырова қатысты.

Аудандық Мәдениет үйінің залында Арықбалық, Имантау, Константиновка, Украин ауылдық округтерінің ардагерлер ұйымдары мен Айыртау ауданының кітапхана жүйесінің қызметкерлері ұйымдастырған көрмелер қойылды. Сондай-ақ жиналыс кіріспесінде қатысушылар мен қонақтарға ардагерлер кеңесінің есепті кезеңдегі көпқырлы қызметін баяндайтын бейнежазба көрсетілді.

Айыртау ауданының ардагерлер кеңесінің төрағасы Серікбай Тұралинов кеңейтілген есеп баяндама жасап, 2023-2025 жылдар аралығындағы аудандық ардагерлер ұйымының жұмысы туралы баяндады. Ұйымда 6620 мүше бар, сол бойынша Солтүстік Қазақстан облысында үшінші орынды алып отыр.

Серікбай Шәріпұлы жұмыс бағыттары туралы сөз қозғап, ардагерлердің республика, облыс және аудандық деңгейдегі мерекелік және айтулы шараларға қатысуы, атқарушы билік органдарымен, әлеуметтік қорғау және қоғамдық ұйымдармен өзара әрекеттесуі жайлы мәлімдеді. Сонымен қатар, Ұлы Жеңістің 80 жылдығына дайындыққа ерекше көңіл бөлінді.

Айыртау аудандық ардагерлер ұйымы облыс бойынша үздік бестіктің қатарына енді. Аудандағы ардагерлер жастардың патриоттық рухани тәрбие алуына және тарихи

жадыны сақтау мәселелеріне де үлкен мән береді.

Серікбай Шәріпұлының баяндамасында аудандық ардагерлер кеңесінің басты бағыты – қарт адамдарға көмек көрсету екені баса айтылды. Бұған медициналық қызмет көрсету, қызығушылық клубтарына тарту, спорттық шараларға қатысу, жалғыз басты зейнеткерлерге көмек көрсету кіреді. Аудан ардагерлері елдің қоғамдық-саяси өміріне, ауылды жерлерді дамыту мәселелеріне де белсенді араласады. Есепті кезең ішінде ардагерлердің арқасында Лобаново ауылында жаңа ғимараттың салынуы, аудандық аурухана алдындағы автотұрақтың асфальтталуы секілді мәселелер шешілді.

Баяндамада ауылдық жерлерді дамыту, ардагерлердің Көкшетау қаласындағы медициналық қызметтерді алу мүмкіндігі, ауданда денсаулық сақтау орталықтарын ашу, қоғамдық көліктерде жеңілдіктер алу сынды басқа да маңызды мәселелер қозғалды.

С.Ш.Тұралинов есепті кезеңде 61 жиналыс өткізілгенін, оның 17 бастапқы және 44 цехтық ардагерлер ұйымдарында өткізілгенін атап өтті. Жиналыстардың нәтижесінде ұйымның көпшілік төрағалары қайта сайланды. Осы орайда Серікбай Тұралинов конференция қатысушыларының белсенді мүшелеріне өз алғысын білдіріп, келесі кезеңге енгізілуі қажет бірқатар мәселелерді атап өтті.

Баяндаманы талқылау барысында А.И.Мигаль, Т.К.Жанахметов, Л.В.Сердюк, Е.Н.Шведова, С.Ф.Назаров сияқты қатысушылар Айыртау аудандық ардагерлер кеңесінің жұмысын жоғары бағалап өтті.

Айыртау ауданының әкімі Мейрам Мендібаев барлық қатысушыларға ардагерлердің елдегі тұрақтылықты сақтаудағы ерекше рөлі туралы сөз сөйлеп, олардың жас ұрпақты тәрбиелеудегі маңызды еңбектерін жоғары бағалады.

Солтүстік Қазақстан облысы ардагерлер кеңесінің өкілі Қанат Косылұлы Омаров аудандық ардагерлер ұйымының жоғары қарқынын және өміріне белсене қатысуын ерекше атап өтті.

Сайлау процедурасы барысында Айыртау аудандық ардагерлер кеңесінің жаңа құрамын сайлау өтті. Бұл құрам аудандық аурухана,

ішкі істер бөлімі және «Кокшетау-Энерго» ЖШС Айыртау бөлімшесі ардагерлер ұйымдарының өкілдерімен толықты.

Сонымен қатар Сырымбет ауылдық округінің ардагерлер кеңесінің төрағасы Ж.Е.Адылова, Володар ауылдық округінің ардагерлер кеңесінің төрағасы Қ.И.Бадымов, Қаратал ауылдық округінің ардагерлер кеңесінің төрағасы Е.Б.Баялин, Арықбалық ауылдық округінің ардагерлер кеңесінің төрағасы А.К.Баймағамбетов, Нижнеборлық ауылдық округінің ардагерлер кеңесінің төрағасы Л.Е.Бабуская, Имантау ауылдық округінің ардагерлер кеңесінің төрағасы Г.А.Волгина, Украин ауылдық округінің ардагерлер кеңесінің төрағасы Л.И.Кононенко, Елецкое ауылдық округінің ардагерлер кеңесінің төрағасы С.К.Мұқатаев, Казанка ауылдық округінің ардагерлер кеңесінің төрағасы Н.М.Мальцева, Лобаново ауылдық округінің ардагерлер кеңесінің төрағасы О.А.Спиридонова, Гусаков ауылдық округінің ардагерлер кеңесінің төрағасы А.К.Өтегенов, Антоновка ауылдық округінің ардагерлер кеңесінің төрағасы К.Ж.Нұрсенітов, Қамсақты ауылдық округінің ардагерлер кеңесінің төрағасы Т.Ф.Шефер, Константиновка ауылдық округінің ардагерлер кеңесінің төрағасы Т.В.Черненко, аудандық полиция бөлімінің өкілі Т.К.Қасымғалиев, аудандық электр желілері бөлімінің өкілі С.К.Мұстафин, аудандық аурухана өкілі А.К.Омарова, Володар ауылдық округінің делегаттар Е.Ж.Жанапин, Т.К.Жанахметов, Е.С.Қалиев, С.Ш.Тұралинов, А.Х.Хайруллин, С.К.Жұманов, Р.Р.Тілеубаева, Г.Г.Қыдырбекова, Г.И.Кутикова, Арықбалық ауылдық округінен делегаттар А.И.Мигаль мен С.Ф.Назаров, Имантау ауылдық округінен делегат Л.В.Сердюк ардагерлер ұйымының жаңа құрамына енді.

2026-2030 жылдарға арналған жаңа кезең үшін аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы болып қайтадан Серікбай Шәріпұлы Тұралинов сайланды.

Жиналыс барысында президиум мен комиссия құрамдары анықталды. Ревизиялық комиссия құрамына Т.К.Жанахметов, Е.Н.Шведова және Л.Н.Хамазина енгізілді; ұйымдық-әдістемелік



комиссияға Е.Ж.Жанапин, Қ.И.Бадымов және А.Х.Хайруллин; әлеуметтік-тұрмыстық комиссияға – А.К.Бейсенова, Э.К.Кожикова, С.К.Жұманов, Б.Ж.Сәттібаева; жастармен, ардагерлермен жұмыс және ардагерлердің бос уақытын ұйымдастыру комиссиясына Т.К.Жанахметов, Г.Г.Қыдырбекова, А.Ш.Нұрбахтинова, О.И.Рыжова, О.А.Спиридонова және А.К.Төлеуова енгізілді.

Іс-шара қорытындысында бірқатар белсенді ардагерлер мен ауылдық округ әкімдері марапатталды.

Айыртау ауданының әкімі Мейрам Мендібаев Серікбай Шәріпұлы Тұралиновқа, Сапар Күбашұлы Мұқатаевқа және Серік Қаркенұлы Жұмановқа құрмет грамоталарын табыс етті. Сондай-ақ жаңа төрағалар сайланғанға дейін өз міндеттерін адал атқарған Украин және Арықбалық ауылдық округтерінің әкімдері Ж.Б.Мұқашев пен А.Ә.Әшімов, Айыртау ауданы әкімдігінің ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі басшысының орын-

басары Г.Н.Жұмапиева, Айыртау ауданының орталық кітапханалар жүйесі директорының міндетін атқарушы С.Д.Жандосова, ауылдық округтердің ардагерлер кеңесінің төрағалары, атап айтқанда Володар ауылдық округінің ардагерлер кеңесінің төрағасы И.И.Лубинец, Гусаков ауылдық округінің ардагерлер кеңесінің төрағасы Ю.Г.Колесников, Имантау ауылдық округінің ардагерлер кеңесінің төрағасы Р.Д.Жүсіпов, Константиновка ауылдық округінің ардагерлер кеңесінің төрағасы Н.А.Чурилога және Нижнеборлық ауылдық округінің ардагерлер кеңесінің төрағасы Л.И.Тулубаева Айыртау аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Ш.Тұралиновтың Алғыс хаттарымен марапатталды. Шара соңында қатысушылар үшін концерттік бағдарлама қойылып, іс-шара көтеріңкі көңіл күймен аяқталды.

**Құрметбек БЕЙСЕН.
Суреттерді түсірген Жанар
КУДАЙБЕРГЕНОВА.**